



Құттықтау!

Қарты бар елдің қазынасы мол

**Құрметті аудан тұрғындары!
Қадірлі ардагерлер!**

Сіздерді 1 қазан - Халықаралық қарттар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Біз қашанда «Үлкенге - құрмет, кішіден - ізет» деген сөзді ұран етіп өскен халықпыз. Ақсақалы мен ақ жаулықты анасын ардақтайтын елдің ұрпағымыз. Тәжірибесі мол аға буын өкілдерінің өнегелі өмірі, біздер үшін үлгі. Сондықтан да осынау айтулы күннің біз үшін маңызы зор.

Қазіргі таңда ауданымызда 2 Ұлы Отан соғысының ардагері, одан бөлек тыл ардагерлері мен зейнет жасындағы абзал қарияларымыз бар. Қазыналы қарттарды қадірлеу, еңбектерін елеу мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Мәселен, зейнетақының өсуі, сауықтыру орталықтарына жіберу, ардагерлерге жасалып жатқан жеңілдіктер, көпбалалы аналарды марапаттаумен қатар басқа игі шаралар қарт адамдарды қолдау деңгейінің жоғары екенін көрсетеді. «Қарты бар елдің қазынасы бар». Сіздер қай істе де ақылшы, арқа сүйер абзал азамат болып қала бересіздер.

Құрметті жерлестер!

Сіздерді мерекелеріңізбен құттықтай отырып, мықты денсаулық, ұзақ өмір, отбасыларыңызға амандық тілейміз. Өсіріп отырған ұл-қыздарыңыздың, немерелеріңіздің қызығын көріп, өмірлеріңіз қуанышқа толы болсын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, мемлекетіміз өсіп өркендей берсін.

**М.ТҰРЫСБЕКОВ,
аудан әкімі.
Б.БАЙҒАРАЕВ,
аудандық мәслихаттың
хатшысы.**

Мемлекет басшысы жыл сайын өтетін «Digital Bridge 2022» халықаралық технологиялық форумына қатысты, деп хабарлайды Egemen.kz. Президенттің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Іс-шараға Премьер-Министр, мемлекеттік органдардың, бизнес-құрылымдардың жетекшілері, отандық және халықаралық сарапшылар қатысты.

Мемлекет басшысына Astana Hub IT экожүйесінің қазіргі қызметі және Google for Startups компаниясымен бірлескен бағдарламасының жүзе-



Мемлекет басшысы «Digital Bridge» форумына қатысты

ге асырылуы жөнінде баяндалды, сондай-ақ Al-Em бағдарламалау мектебі мен «Қазақстан халқына» қорының жобасы таныстырылды.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев стартап аллеясындағы әрбір жоба арнайы тоқталып, компания өкілдерінің жетістіктерін тыңдады. Олардың бірқатары тек Қазақстан нарығымен шектелмей, шетел нарығына да шыға бастаған.

Мемлекет басшысына,

атап айтқанда, аймақтық авиакомпанияларға арналған Farel авиациялық софтвер жаңа буыны, Arбуz интернет супермаркеті, Zурlаі жасанды интеллект зауыты, UvU Ridesharing балалар мен әйелдерге арналған қауіпсіз тасымалдау қызметі, Parqour ақылды тұрақ қызметі, cloud-есептеулерді жеңілдететін FIBO Cloud қызметі және Intebix криптобиржасы секілді стартаптар таныстырылды.

Түркияның Өнеркәсіп және технологиялар ми-

нистрі Мұстафа Варанк пен Өзбекстанның Ақпараттық технологиялар мен коммуникацияларды дамыту министрі Шерзод Шерматов өз елдеріндегі технопарктердің Қазақстанмен арадағы ынтымақтастығына қатысты жоспарлары туралы айтып берді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына BlocKchair, Playrix, EPAM, in-Driver халықаралық IT-компанияларын Қазақстанға тарту және мемлекеттік қызметтерді цифрландыру нәтижелері

туралы баяндалды. Атап айтқанда, Астана қаласының геоаналитикалық платформасы, E-gov денсаулық, Әлеуметтік әмиян және отбасының цифрлық картасы, Vet Mobile, E-Salyq Business, Жер телімдерін сату және жылжымайтын мүлікпен мәмілелерді тіркеу жөніндегі онлайн аукцион сияқты цифрлық шешімдер мен KazNedra жер қойнауын пайдаланушылардың бірыңғай платформасы жөнінде сөз болды.

Түркістанға тартылған инвестиция көлемі 8 есе артты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістан облысының жұртшылығымен кездесуі барысында қасиетті өңірге деген ерекше ықыласын білдірді, деп хабарлайды Egemen.kz.

«Жақында Астанадан бастау алған «Ұлы дала жорығы» санаулы күннен соң Түркістанда өз мәресіне жетеді. Мұның зор символдық мәні бар. Осы өңірде халқымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы барынша сақталған. Бір сөзбен айтқанда, Түркістан – халқымыздың қаймағы бұзылмаған қасиетті мекені», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан соң, Президент киелі өңірде ұрпаққа жол көрсетіп, тағылымды тәрбие беретін данагөй ақсақалдардың орны бөлек екенін айтты.

«Қазақ «Қариясы бар елдің қазынасы бар» дейді. Түркістанда ұрпаққа жол көрсетіп, тағылымды тәрбие беретін данагөй ақсақалдарымыз аз емес. Олар түрлі жағдай кезінде



жұртты сабырға шақырады. Жастарға басу айтып, кикілжіңге жол бермейді. Осындай аузы дуалы ел ағаларына зор алғыс айтамын», деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Жиын барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанға деген ерекше ықыласын білдірді.

«Менің қасиетті Түркістанға ықыласым ерекше екенін білесіздер. Мемлекет басшысы ретінде алғашқы сапарымды дәл осы жерден бастаған едім. Содан бері мұнда көптеген оң өзгеріс болды. Соңғы жылдары Түркістанға тартылған инвестиция көлемі 8 есе артты. Қаланың инфрақұрылымы жаңғырып, жаңа нысандар бой көтеріп жатыр. Атап айтқанда, 77 мың адамға арналған көп қабатты үйлер салынды. Шаһар жасыл желекке оранып, экологиялық ахуалы жақсарды. Тұрғындарды ауызсумен және табиғи газбен қамтамасыз ету мәселесі шешілді деп айтуға болады», деді Қазақстан Президенті.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

«Алтын күз-2022»

Аудан орталығы «Даңқ» саябағында «Алтын күз-2022» ауыл шаруашылығы саласын қорытындылаған жиын өтті. Жиын аясында арзан бағада азық-түлік өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Сондай-ақ, ауыл шаруашылық және жаңбырлатып суғару технологиясының көрмесі өткізіліп, асыл тұқымды мал басының түрлері тұрғындарға көрсетілді.

Мерекелік шарада барша еңбек адамдарын аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков құттықтады.

«Ауыл шаруашылығы ауданымыздағы негізгі салалардың бірі. Атабадан келе жатқан бұл саланы өңір шаруалары табысты қорытындылап отыр. Ауыл шаруашылығындағы тың әдіс жаңбырлатып суғару



Жоғары деңгейде өткен жәрмеңке болды

технологиясын кеңінен қолданып, оның нәтижесін көруде. Біздің алдымызда өнім көлемін арттыру, асыл тұқымды мал басын көбейту міндеті тұр. Бұл бағыттағы жұмысты жандандыратын боламыз», - деді аудан басшысы Мұхит Тұрысбеков.

Ауыл шаруашылығы бойынша жоғары көрсеткішке қол жеткізіп, мол өнім алған үздік ауыл, кент округ әкімдерін марапаттады. Барлық көрсеткіш бойынша үздік шыққан Шолаққорған ауыл округ әкімдігі 1 орын, Қаратау ауыл округ әкімдігі 2 орын, Қарақұр ауыл округ әкімдігі 3 орын алды. Жәрмеңкеге тауар әкелуді ұйымдастырған үздік ауыл номинациясымен Құмкент ауылдық округ әкімдігі марапатталды. Сондай-ақ, ауылшаруашылығы бойынша жоғары көрсеткіштер көрсеткені үшін озат шаруалар «Қарақұр» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің төрайымы Сания Садырханова, «Қуан» шаруа қожалығының мүшесі Ержалғас Досанұлы, «Жанболат» шаруа қожа-

Биылғы жылы теріскейлік шаруалар мол табысқа қол жеткізіп отыр. 8 ай қорытындысымен ауыл шаруашылығы саласындағы жалпы өнім көлемі 10 823,4 миллион теңге болып, өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 939 миллион теңгеге артып отыр. Осы жылы 14275 га егіс егіліп, тапсырма 103 % орындалды. Аудан шаруалары тамшылатып суару әдісін де тиімді пайдаланып, оны толыққанды меңгеріп келеді. Шолаққорған, Қарақұр, Созақ, Құмкент, Қаратау ауыл округінің тұрғындары жалпы 5,05 га аумақты тамшылатып суару әдісімен суарып, өнімдерін алды. Мұнан бөлек, суды тиімді пайдалану мақсатында Шолаққорған ауыл округінен «Атамекен» шаруа қожалығы 40 гектар, «Жанболат» шаруа қожалығы 12 гектар, Таукент кентінен «Сейілбек ата» шаруа қожалығы 10 гектар, барлығы 62 га аумаққа ағын суды үнемдеу мақсатында жаңбырлатып суару қондырғыларын орнатты. Бүгінгі таңда егінді жаңбырлата суғару әдісін



лығының төрағасы Жанболат Адиев, «Атамекен» шаруа қожалығының мүшесі Ержан Асқаров, «Бабата-1 ЖШС» төрайымы Сәуле Қалдыбекова, «Құмкент» өндірістік кооперативінің мүшесі Сейітмахан Берікбаев, «Сасық бұлақ» шаруа қожалығының мүшесі Қанат Қайратұлы, Қаратау ауыл округінің тұрғыны Ағажан Ақжігітке аудан әкімі салтанатты түрде алғыс хат табыстады.

Сондай-ақ, аудандық мәслихаттың хатшысы Бегімбет Байғараев, Түркістан облысы әкімдігі ауыл шаруашылық басқармасы «Егін шаруашылығы» бөлімінің басшысы Таңатар Жақыпбаев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов шаруаларды құттықтап, марапаттады. Жиын соңы аудандық мәдениет үйі өнерпаздарының қойған концерттік бағдарламасына ұласты.

пайдалану өзінің тиімділігін дәлелдеп келеді.

Осы уақытқа дейін «Боғыс ата», «Нұрмағанбет» шаруа қожалықтары қарбыздарын шетелге экспортқа шығарған. Биыл да ауыл округтегі ең ірі «Б.Абдраманов» шаруа қожалығы осы істі қолға алып, Ресей мемлекетіне шығарып сатты. Жыл басынан бері 16 дана жаңа ауылшаруашылығы техникалары сатып алынды. Ауданда төрт түлік мал басы да көбейіп, «Сыбаға» бағдарламасы аясында 3921 бас мүйізді ірі қара аналығы тұқымдық түрлендіруге тартылды. 820 бас қой аналығын несиелендіру жолымен сатып алынды. Созақтық шаруалардың алдында жаңа технологияны қолдана отырып, ауыл шаруашылығын дамыту сынды міндеттер тұр.

«Созақ үні»-ақпарат.

Ұлы дала шабандоздары Созақта

«Ұлы Дала Жорығы» марафон-бәйгесінің 10-шы күні. Шабандоздар 1000 шақырымдық жежені бағындырды. Созақ ауданы, Қаратау ауыл округі, Сарыжаз елдімекеніне атбасын тіреді. Бүгінгі жарыста алғаш болып мәреге Түркістан облысының шабандоздары жетті. Ақтөбе облысы мен Маңғыстау облысы екінші, үшінші болып мәре сызығын қиды. Қалған 5 команда жарыс жолында.

Түркістан облысы командасының жетекшісі Алматы Айтжан: «Елордамыз Астанадан бастау алған марафон-бәйгенің соңына да таяп қалды. Тұлпарлар туған жердің топырағына аяқ артқан соң жылдамдығын да үдетіп келеді. Кеше марафон-бәйгенің 9-шы күні 1-ші келдік. Міне, бүгінгі жарыс күні де алғаш болып мәре сызығын қидық. Жалпы есепте командалық жағдайымызды жақсарып келеді. Бұл жердің сай-қыры, атқа да шабандозға да табыс. Сондықтан нәтиже де артып келеді», - дейді.



Қаратау ауыл округінің тұрғыны Елмұрат Керімхан осы жарыстың көрермені: «Марафон бәйге басталды дегелі екі көзіміз төрт болып, шабандоздарды күтіп жүрміз. Жерлестерімізге жанкүйерлік етіп, солардың тілеуін тілеп отырмыз. Кеше де Тайқоңыр елді мекенінде жерлестерімізді күтіп алғанбыз. Бүгін де арнайы келдік, - дейді.



Кадрлық өзгеріс

Райымқұлов Ерлан Болатханұлы аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің

басшысы болып тағайындалды.

Аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Сатыбалды, аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің жаңа басшысы Райымқұлов Ерлан Болатханұлы, жұмысмен таныстырып, қызметіне табыс тіледі.

Райымқұлов Ерлан Болатханұлы Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университетін бітірген. Білімі – жоғары.

Еңбек жолын Созақ аудандық «Созақ үні» газетінің тілшісі болып бастаған. 2014 жылдан бері Созақ ауданы әкімінің баспасөз хатшысы, аудан әкімі аппаратында бас инспектор, ауданы әкімі аппараты баспасөз қызметі бөлімінің басшысы, 2022 жылдың сәуір айынан қазіргі күнге дейін Созақ ауданы әкімінің кеңесшісі болып қызмет атқарған.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Түркістан облысы бойынша филиалының 2022 жылғы 20 қыркүйектегі бұйрығы негізінде Б.М.Асқаровты тағайындау туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 38-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы мен 2-тармағына сәйкес, және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) Басқарма төрағасының 2018 жылғы 04 қыркүйектегі №436 н/к бұйрығымен бекітілген Қоғамның Түркістан облысы бойынша филиалы (бұдан әрі - Филиал) туралы ереженің 31-тармағының 7) тармақшасын басшылыққа ала отырып, БҰЙЫРАМЫН:

Созақ аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бас маманы Бахытжан Мыңжасарұлы Асқаров, бұрын атқарған лауазымынан босатылып, 2022 жылғы 20 қыркүйектен бастап, штаттық кестеге сәйкес лауазымдық жалақымен осы бөлімнің басшысы лауазымына тағайындалсын. Осы бұйрық оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: директордың орынбасары С.Айтанаеваның ұсынысы, Б.М.Асқаровтың 2022 жылғы 20 қыркүйектегі өтініші, еңбек шартына қосымша келісімі.

Филиал директоры: Б.Басымбек.

Асқаров Бахытжан Мыңжасарұлы 1969 жылы 19 қыркүйекте Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласында дүниеге келген. 1976 жылы Созақ аудандық Жартытөбе ауылы Аққолтық елді мекеніндегі Ш.Уәлиханов атындағы орта мектепке 1-класына барып, Сарыағаш ауданында М.Окароков атындағы орта мектепті 1986 жылы бітірген. 3 ұл 1 қызы бар. Білімі жоғары. 2003 жылы Алматы экономикалық университетін бітірген, мамандығы экономист-бухгалтер. 28.06.1990-20.10.1997 жылдар аралығында «Чимкентсельстрой» трестінің №3 Шолақ-Қорған ХРУ жұмысшы, Шолаққорған еті Тоңазытқыш мекемесі таразылаушы, сатушы, «Созақ-ЕТ» акционерлік қоғамы бригадир-таразышы, экономист, 20.10.1997-01.10.2018 жылдар аралығында «Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы» Оңтүстік Қазақстан облыстық филиалының Созақ аудандық бөлімшесінің бас маманы, зейнетақы және жәрдемақы төлеу жөніндегі маманы, бас маманы, әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бас маманы қызметтерін атқарған.

2003 жылы Алматы экономикалық университетін бітірген, мамандығы экономист-бухгалтер. 28.06.1990-20.10.1997 жылдар аралығында «Чимкентсельстрой» трестінің №3 Шолақ-Қорған ХРУ жұмысшы, Шолаққорған еті Тоңазытқыш мекемесі таразылаушы, сатушы, «Созақ-ЕТ» акционерлік қоғамы бригадир-таразышы, экономист, 20.10.1997-01.10.2018 жылдар аралығында «Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы» Оңтүстік Қазақстан облыстық филиалының Созақ аудандық бөлімшесінің бас маманы, зейнетақы және жәрдемақы төлеу жөніндегі маманы, бас маманы, әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бас маманы қызметтерін атқарған.

«Созақ үні»-ақпарат.



діни білім беру жүйесі бүгінгі күннің талаптарына және жастардың рухани сұраныстарына толық сәйкес келеді деп айта алмаймыз. Кейбір имамдардың ой-пікірлерінің тайыздығын, жастарға үлгі болатын мінез-құлықтарының жоқтығын көріп қынжыламыз. Зәру сұрақтарға жауапты діннен іздеген жастар оларды мешіттерден, дін қызметкерлерінен әрдайым таба бермейді. Кейде жастардың мешітке кіргенде діни қауымның кейбір өкілдерінің пайдакүнем, тәкаппар мінездерін көретіні жасырын емес. Сон-

Діннің жастардың санасы мен дүниетанымына әсері

Дін – адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды әлеуметтік-мәдени сана. Ал жастар болса қоғамның негізгі қозғаушы күші. Жастардың дінге деген көзқарасы, түсінігі тәрбиеден басталады. Дінге деген көзқарасар кезеңде әр қоғамда сан алуан болып келген. Ал діни ұстанымдар негізінде қалыптасқан сенім жастардың қоршаған ортамен, басқа адамдармен санасы мен дүниетанымы бойынша қалыптасады.

Барлық тарихи кезеңдерде жастар қоғамның ең ұтқыр, оқуға, жаңалық енгізуге және реформаларға бейім бөлігі ретінде сипатталғанын бәріміз білеміз. Қазіргі таңда тек білімді, ой-санасы терең, ақыл-ойы дамыған және кәсіби дайындалған жастар ғана сапалық, серпінді және инновациялық дамудың маңызды шарты мен кепілі болатынын, еліміздің болашағын қамтамасыз ете алатынын ешкімге дәлелдеп жатудың қажеті жоқ.

Бүгінде Қазақстандағы 14 пен 29 жас аралығындағы жастардың үлес салмағы 4,5 миллионнан астам адамды құрайды. Олардың 700 мыңнан астамы – студенттер.

Қазіргі заман жастарына басты қауіп қатер деструктивті діни ағымдар тарапынан болуда. Себебі, діни ағымдар өз қатарына адамдарды, әсіресе жастарды баулап алу үшін, жастардың психологиялық, психикалық жай күйін бақылап, талдау жасау арқылы қолдарындағы бар мүмкіндікті пайдаланып, ғаламтор желісінде сапалы түрде ақпараттық материалдар жариялайды?

Қазір барлық адамзаттың ғаламтор желісін қолдануы заңдылық. Әсіресе, жастар үлкен буын өкілдеріне қарағанда ғаламтордың мүмкіндіктерін жетік меңгерген. Сондықтан, олардың осындай амалдар арқылы өзіне тартатын деструктивті ағымдардың әсеріне ұшырау қауіпі жоғары.

Сонымен қатар жастар-

дың діни идентификациясының қалыптасуындағы маңызды факторлардың бірі – діни дүниетанымының, сананың қалыптасуы болып табылады.

Діни экстремизм мен терроризмнің кеңінен таралуы осы жағдайдан пайда болып жатады. Олар өмірде әлеуметтік тұрғыда қандай жағдайға ұмтылу керектігін, сол бағдарламаланған мақсаттарды қандай тиімді жолмен іске асыру қажеттілігін, неге қуанып неден қашу керектігін шешеді. Тәжірибесіз жас діни ойындар мен соғыстардың «ойыншысы мен орындаушысына» қалай айналып кеткенін өзі де түсінбей, сезінбей қалады.

Қазіргі таңда қоғамның тұрмыс-салты мен дүниетанымының жүйесі ретіндегі діннің рөлі айтарлықтай өсті. Діннің қоғамдық қатынастарға, қоғам санасының діни компонентін қалыптастыруға ықпал ету әсері күшейіп, кеңейе түсуде. Халықтың әртүрлі топтар өкілдерінің рухани, соның ішінде діни өмір салтына деген қызығушылығы артууда.

Экстремизм мен терроризм идеологтары дінді пайдаланып, діни риториканың ерекше әдістерін қолдана отырып, халықтың белгілі бір топтарының ой-санасына теріс ықпал ете білді. Көп жағдайда әлеуметтік белсенділігімен ерекшеленетін, идеологиялық ықпалға тез түсетін қоғамның ерекше тобы саналатын жастар теріс пиғылды діни насихаттық қызмет үшін ыңғайлы нысанаға айналды. Жас ерекшеліктеріне қарай ізденгіш және білуге құмар болып келетін жастар қылмыс әлемінің, соның ішінде шетелдік және халықаралық субъектілердің тарапынан айлакерлікпен жасалған идеологиялық тұзаққа жиі түсетін болды.

Имамдар, дін қызметкерлері және жалпы дін саласындағы беделді азаматтар жастарды рухани-адамгершілік тұрғысынан тәрбиелеуде елеулі рөл атқарады. Алайда қазіргі уақытта

дай сәттерде, әрине, жастар діни экстремизм идеологтарының қолына оңай түсуі мүмкін, мұндай жағдайлар бұған дейін де орын алған.

Діни ұрандарды жамылып, қолынан кінәсіз жандардың қаны тамған лаңкестер шын мәнінде қаһарман емес. Бетперденің және «мужахид» имиджінің артында адамдарға билік жасауды көксеген, баюдың ең арыс мүдделерін көздеген, махаббат пен имандылықтан жұрдай жүрексіз, кейде тіпті психикасы бұзылған субъект жасырынып тұрады.

Біздің қазақ мәдениеті басқа мәдениеттерден көп қырлылығымен және біртұтастығымен ерекшеленеді. Бұл дегеніміз, біздің ата-бабаларымыздың дін мәселелерінде ақ-қараны айыра білсе де, дінді арнайы салаға немесе өмірдің міндетті бөлігіне айналдырмағанын аңғартады.

Кез келген дін, соның ішінде ислам да адамның білім алуына шектеу қоймайды. Ислам діни ешқашан басқа сенімдерге немесе қоғамның құндылықтары мен дәстүрлеріне қарсы шыққан емес. Қазақтар дінді сыртқы атрибутика ережелері мен шартты жоралар жиынтығы ретінде емес, этникалық мәдениет пен халықтың философиясымен табиғи байланысы бар әмбебап діни ілім ретінде қабылдады.

Бүгінгі жас ұрпақ жастық шақ пен алтын уақытты дұрыс бағалап, білім алуға, кәсіптің белгілі бір саласын игеруге барынша күш жұмсауы қажет. Жастар заманауи техникалық байланыс құралдарының барлық түрін игеріп шығуы тиіс. Діни тұрғыдан алғанда әркімнің өз халқының дәстүрлерін біліп, сақтап, құрметтегені абзал.

Б.ӨТЕГЕН,
Түркістан облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ маманы.

Қазіргі заманғы діни ахуал және зайырлы мемлекеттің қағидалары

Елімізде тіркелген діни бірлестіктер ішкі саяси тұрақтылыққа, конфессияаралық және этносаралық келісімді нығайтуға орасан үлес қосуда. Бұл бәрінен бұрын Қазақстанның ең ірі діни конфессиялары – мұсылмандардың діни басқармасы мен Орыс православие шіркеуіне қатысты. Олар жалпыадамзаттық құндылықтар мен гуманистік мұраттардың ақиқаттығын насихаттай отырып, оңды рухани-адамгершілік міндеттерді орындауда.

Бүгінде елімізде діни ахуал тұрақты деп бағаланады. Бұл, біріншіден, бізде барлық дәстүрлі діндердің өмір сүруі мен дамуына қолайлы жағдай жасалғандығымен түсіндіріледі. Жүзден астам ұлт пен 18 конфессияның өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатыр, олардың 70 пайыздан астамы сүнниттік мұсылмандар. Екіншіден, мемлекет тарапынан көптеген ағарту жұмыстары жүргізілуде, оған қомақты қаражат бөлініп, тұтас бағдарламалар мен жобалар әзірленіп, қабылданды, еліміздің түкпір-түкпірінде ақпараттық-түсіндіру топтары жұмыс істейді, көптеген ресми рухани-ағартушылық сайттар ашылды, мақсатты халықтың діни сауаттылығын арттыруда және жалпы тұрақты діни ахуалды қалыптастыруда.

Қазірде еліміздегі діни ахуал әрбір саналы азаматты алаңдатады. Осыған байланысты күнделікті қоғамдық қатынастарда діни ұстанымның ерекшеліктері мен әртүрлі қырлары жарыққа шығып жатыр. Дінді ұстанушылардың қатары молайған сайын қоғамдық ортада жағымды-жағымсыз пікірлер туындап, қарама-қайшылықтар, отбасылық өмірдегі кикілжіңдер, діни түсініктердегі алшақтықтар белең алууда. Егер, әлем елдеріндегі осы діни ұстаным мен қарым-қатынастарға байланысты қайшылықтарды назарға алар болсақ, діни алауыздық пен бөлінушіліктің зардабы орасан болатындығына көз жеткізуге болады. Соңғы жылдары Қазақстанда адамдардың рухани білімге деген қызығушылығының айтарлықтай артып келе жатқанын және бұл үрдісті қоғамымыздың одан әрі дамуына және конфессияаралық келісімнің сақталуына бағыттаған орынды. Еліміздің мұсылмандары дәстүрлі исламның ханафи мазһабын ұстанады, бірақ, өкінішке орай, исламның дәстүрлі емес бағытын ұстанып, теріс жолды таңдайтын жастарымыз да бар. Осындай жігіттермен шындап жұмыс істеп, адасуының себебін түсіндіріп, дұрыс жолға салу керек. Тәуелсіздік жылдарында біз мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастардың оңтайлы моделін қалыптастыра алдық және хал бүкіл көпұлтты Қазақстан халқының да, ел басшылығының да зор еңбегі екенін

мойындау керек.

Қазақстан – зайырлы мемлекет және діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлінуі Қазақстан Республикасының ар-ождан және дін бостандығы принциптері, азаматтардың тең құқығы бар демократиялық, зайырлы және әлеуметтік мемлекет құруға бейімділігін растайтынын, сондай-ақ әртүрлі діни бірлестіктегі азаматтардың тең құқықтарын, мемлекеттің діни бірлестіктердің ішкі істеріне араласпау принципін және халықаралық қоғамдастық қабылдаған басқа да негізгі нормаларды білдіреді.

Халықаралық қоғамдастықта зайырлылық ұғымына қатысты түрлі түсінік бар. Бұл өз кезегінде мемлекет пен дін арасындағы қарым-қатынастың ортақ сипатын танытатын нақты үлгінің жоқтығын білдірсе керек. Десек те, кейбір елдерде «зайырлылық діни мемлекеттің қарама-қарсы пішімі» деген мазмұндағы ұғым қалыптасқан. Осы орайда «зайырлы» атауын түсінуде, зайырлы елдің болмысын сөз еткенде біртекті пікірдің орнықпағаны аңғарылады. Негізінде зайырлы мемлекеттер дінді мемлекеттен бөлу идеясын ұстанатыны белгілі. Бұл мәселеге қатысты сөз қозғағанда зайырлылық қағидаты бойынша діни догманы мемлекет заңдарынан алыстату көзделетініне, бірақ дінді қоғамнан бөліп тастау қарастырылмайтынына, оның діни бостандықты айқындайтынына мән берілуі тиіс. Дегенмен кейбіреулер зайырлылықты атеизм бағыты деп түсінеді. Шын мәнінде атеизм дінге үзілді-кесілді тыйым салса, зайырлылық дінді ұстану, ұстанбауда таңдау құқығын беретінін ескерген абзал.

Дін қоғамды сауықтыруда, адами қарым-қатынастарды реттеуде, бейбітшілікке үндеуде, отбасылық құндылықтарды нығайтуда және басқа да мәселелерде негізгі идеологиялық құралдардың бірегейі. Сондықтан әрбір мемлекет өзінің дінмен қарым-қатынас орнатудың тиімді моделін құруға мүдделілік танытады.

Қазіргі таңда мемлекет пен дін арасындағы үйлесімді байланыс, орнықты қарым-қатынас қоғамымызда татулық пен тыныштықтың сақталуына, рухани және мәдени тұрғыда дамуымызға, радикализмнен қорғануымызға өзіндік оң ықпалын тигізіп отырғанын айта кеткеніміз жөн. Бұл өз кезегінде мемлекетіміздің халық талабы негізінде азаматтардың ар-ождан бостандығын қорғай отырып, Конституциямызға сәйкес зайырлылық қағидаттарының оңтайлы үлгісін ұсына білгенін ұқтырады.

Б.АБДРАХМАН,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.

Баршаңызға белгілі болғанындай үстіміздегі жылдың қыркүйек айы Президентіміздің Қазақстан Халқына жылдағы әдетімен арналған Жолдауымен басталды. Сонан бері БАҚ-тар мен әлеуметтік желілерде жолдауға қолдау толастамай тұр. Аудандық газеттің тілшісі, ауыл шаруашылығы саласының жанашыры ретінде мен де Мемлекет басшысының Жолдауындағы ауыл шаруашылығы, оның ішінде нақ осы егін шаруашылығы жерлерін тиімді пайдалану мен су шаруашылығы жайлы өз ойымды айтуды жөн көрдім. Ондағы мақсатым, Қасым-Жомарт Кемелұлының кемерін жарып шыққан Жолдауының өзіме ұнаған тұстарын сөзбен қолдап, аудан және ауыл әкімдіктеріндегі азаматтарымызды да Президент Жолдауын тек сөзбен емес, іспен де қолдауға шақыру еді. Олай дейтінім, міне 30 жыл болды Елбасының жыл сайынғы Жолдауына қолдау жазып, өңірлерге барып насихаттап келдік. Нәтиже көңіл көншітерлік қана. Ауыз толтырып айтатындай соңғы 30 жылдан астам уақытта ауыл шаруашылық саласын-



Қарабұлақ ауылына кететін тастақта жататын көрінеді. Ал енді, қыстың күндері цемент арықтарға су салу мүмкін болмағандықтан «Қаз Сушар» мекемесі судың бәрін осы тастаққа жаятынға ұқсайды. Осы ретте айта кеткен жөн, ауыл халқының, шаруалардың ұсынысын ескерген аудан әкімдігі бұдан бірер жыл бұрын бюджеттен қыруар қаржы бөліп, «Біресек» каналының төменгі сағасынан «Біресек» тоғанын соққан болатын. Мақсат, Көкбұлақ өзенінің қыстай тастаққа жайылып, жерге сіңіп кететін суын осы тоғанға жию болатын. Не керек, бөлінген қаржы мөрдігерге жетіп, құрылыс жұмыстары жүрді. Тіпті, мерзімінде бітіп, пайдалануға берілді де. Тек, халық, диқандарымыз игілігіне пайдаланып отыр деуге келмейді. Әрине, бұл өз алдына бір тақырып. Жергілікті биліктің де құлағына алтын сырға! Сонымен, Қыркүйектің орта шенінде жұмысшы топ Көкбұлақтың басынан бастап, «Біресек» магистральды каналын жағалай отырып, Қарасуан даласына дейін аралап, су-

Ауылды көтеру үшін, әуелі ауыл

да жетістікке жете алмай отырмыз. Енді бірлеріңіз айтуыңыз мүмкін: «Неге, көңіл көншітерлік қана? Бар ғой атқарылып келген жұмыстар!» деп. Иә, жоқ емес, бар. Бірақ сол, көңіл көншітерлік қана. Жылда Жолдауды асыға күтетін, ертеңгі күнге үмітпен қарайтын жұрттың мүшкілің кетіріп, еңсесін көтеретіндей іс көрмедік. Сөзім дәйекті болуы үшін, нақ осы ауыл шаруашылығы саласы жайлы ғана сөз етейін. Көзі қарақты оқырман өзі де білер, Кеңес заманында, әсіресе тоқыраудан, яғни, одақ ыдыраудан алдын ауданымыздың ауыл және мал шаруашылығы саласының қандай дәрежеде қуатты болғанын. Ол уақыттарда өңіріміздің өндіріс саласы күні бүгінгідей дамымағанын. Қазынамызда неміз болса, сол ауыл және мал шаруашылығына қарыздар едік. Ал енді, еліміздің егемендігін алғанынан бері арада 30 жылдан астам уақыт өтті, ауданымыздың ауыл шаруашылығы тек статистикада ғана ілгерілеп, іс жүзінде кенжелеп тұр. Иә, қазіргі ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы мен мамандарының саланы дамытуға деген игі ниеттері, талпынысы бар, оны жоққа шығару нәнкөрлік болар еді. Бірақ, бұл игі ниет және талпыныс пен ғана бітетін жұмыс емес. Ол үшін әрине, жүйе өзгеруі тиіс. Ең әуелі, сол жоғары жаққа жалған ақпар беріп, жетіссіздікті жетістік етіп көрсетуді қою керек. Кейін, сол опа бермеген 30 жылда кеткен олқылықтармен жұмыс жасау қажет. Мәселен, Мемлекет басшысының өзі қадап айтқандай, күні бүгінге дейін беріліп, игеруісіз жатқан жерлерді жергілікті жер қорына қайтаруға тиіспіз. Қайтарылып та жатыр. Анығын айтсақ, Мемлекет басшысының Жолдауындағы сөзінен ұққанымыз күні бүгінге дейін арнайы комиссияның араласуымен 2,9 млн га жер қайтарылса, алдағы уақыттарда 5 млн гектар жер қайтарылады деп жоспарланауда екен. Сосын, оны нақты осы ауыл және мал шаруашылығымен айналысып, әуелі отбасымды асыраймын, кейін, ауданымыздың экономикасына үлесімді қоса аламын деген азаматтарға беру және берілуін де жылдамдату, сондай-ақ, жеңілдету қажет. Онан соң, Президентіміз су шаруашылығы саласына тоқтап, судың тапшылығы мен ысырапшылдық жайлы кеңінен айтты. Сөз барысында сырттан келетін судың көлемінің азайып, тиімсіз пайдаланылуы онсыз да мәз болмай тұрған мәселені онан сайын ушықтыруда екенін айтуды да ұмытпады. Тіпті, қолда бар судың 40 пайызының құмға сіңіп жатқанын да сөзге тиек етті. Тағы да ауыл шаруашылығымен айналысып отырған қожалықтардың басын біріктіріп, кооперативтер құруға шақырды. Сонымен қатар, бұл бағытта пилоттық жоба ретінде қолға алынған жұмыстар

жемісін беруде. Нәтижесінде, ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерінің артуына куә болып отырмыз деді. Міне, Мемлекет басшысының өзі өзектілігін айтып, өнімізге (алдымызға) қойып отырған ауыл шаруашылығы саласының бүгінгі жай-күйі мен ертеңгі жайлы бір-екі ауыз сөз айттып, аудан басшылығына, ауыл әкімі мен ауыл шаруаларына аудан әкімінің бұйрығы мен арнайы құрылған жұмысшы топтың және ауылдық Парасаттың мәселенің мән-жайына қаныққаннан кейінгі ұсынысын жеткізуді жөн көрдім. Өйткені, мұнан алдыңғы мақалаларымда ауданымыздың орталығы Шолаққорған ауыл әкімдігіне қарасты ауыл шаруаларының жанайқайына жауап беру үшін жұмысшы топ құрылғанын айтып кеткенім бар еді. Не керек, сол жұмысшы топ жүйелі жұмыстардың нәтижесінде осындай қорытындыға келіп, ұсыныс жазуға бекідік. Біздің міндетіміз, көрген-білгеніміз бен түйгенімізді ортаға салып, тиісті сала мамандарымен кеңесіп, аудан басшысына түйткілдердің түйінін көрсету еді. Әрі қарайғысы, елім мен жеріме қызмет істеймін деп келген өңір басшысы Мұхит Сексенбайұлы Тұрысбековтың жомарт көңіліне қалды. Егер, өзі айттып жүргеніндей, күшіне көңілі сеніп, көтеріп алған жүгін, елі мен жұртының аманатын мейлелі жеріне жеткіземін десе, өзінің бұйрығымен жасақталған жұмысшы топтың, қоғам жанашырлары мен сала мамандарының ұсынысын қабыл алып, ұсыныстың қателігі болса түзеп, кемшілігін толықтастырып, ел игілігі үшін жүзеге асырар.

Ендеше, ұсыныс мынау:

I. Президент айтқандай, ауданымыздың аумағында ауыл шаруашылығы мақсатында алынып, бүгінгі таңда игерілмей жатқан жерлерді мемлекетке қайтару. Ол үшін әрине, әуелі осыған дейін жұмыс жасап келген комиссияның жұмысын жандандыру. Кейін, Мемлекет басшысы шегелеп айттып, қоғам алаңдап отырған мәселені май шаммен қарап, мейлінше ашық әрі жария жұмыс жасағандары жөн. Тек, ашықтық пен жариялық болған жерде ғана жүйелі жұмыс болады. Бұл үшін жұмысшы топтың осы бағыттағы жұмысы жайлы жергілікті БАҚ-мен әлеуметтік желілерде жарияланымдар жасап, қоғамдық бақылауды күшейткен жөн деп ойлаймыз. Тек, бұқара мен билік боп біріккенде ғана кез-келген істің үдесінен шығуға болатынын аңғаратын көз жетті деп түсінеміз!

II. Су шаруашылығы саласында орын алып отырған олқылықтар.

Шолаққорған ауылы әкімдігіне қарасты егістікпен айналысатын шаруа қожалықтарының атам заманнан пайдаланып келе жатқаны Көкбұлақтың суы. Сол, Көкбұлақтан бастау алатын «Біресек» магистральды су каналының Кеңес заманында Қарасуан мен Жа-

манай даласындағы 950 га жерге жеткен суы бүгінгі таңда 500 гектарға жетпейтін егістік жерлерге жетіспеуде. Нәтижесінде, диқандар арасында су дауы жиілеп, өзара қырқысуға дейін баруда. Тіпті, бұл даудың шешілетінін үмітін үзген қайсыбір шаруалар көктемде егеміз деп жоспарлаған егіннен де бас тартып отыр. Көпшілігі, егер осылай кете берсе иелігіміздегі жерлерді мемлекетке қайтарудан басқа шарамыз жоқ деп шағынып отыр. Әне, ағайын! Нақ осындай, шаруаларымыздың тауының шағылып, үмітінің үзілуіне шақ тұрғанын көргенде, адам ертеңгі күнге деген үмітін кетіріп ала жаздайды екен. Әйтпесе, атам заманнан ауыл және мал шаруашылығымен күнелтіп келген біздің ауданымыз үшін бұл саланың маңыздылығын, дамытуды қажет еттіретінін айтып отырудың өзі ұят қой. Жетпеді ма, біздің жоғарыға жалған ақпар беріп, әуелі ауыл шаруашылығын, кейін, ауылдарымызды тұрлатқанымыз? Сонымен, су тапшылығын қайтсек жоямыз?

1. Егер естеріңізде болса, бұған дейін «ҚазСушар» мекемесінің ауданымыздағы бөлімшесінің бас маманы Наятов Рамазанмен осы су шаруашылығы жайлы сұхбат жүргізген едім. Сонда, Рамазан Жандарұлы: «Көкбұлақ өзенінің жоғарғы сағасында Шіркейлі және Жосалы деген бұлақтар бар. Егер, сол бұлақтардың суын Көкбұлақтың суына қосу жолдарын қарастырсақ, өзен суының көлемін мұнан да арттыруға болады. Әрине, бұл үшін үлкен қаражат керек екенін мен де түсінемін. Дегенмен, шынында да алдағы уақыттарда ауыл шаруашылығын дамытамыз десек, жергілікті биліктің бұл ұсынысты ескергені, ой елегінен, мамандар кеңесінен өткізгені жөн» деген еді. Иә, сұрастыра келе біздің де ұққанымыз, дәл бүгінгі таңда бұл бағытта жұмыс атқаруға ауданымыздағы су қорларына иелік етіп отырған «ҚазСушар» мекемесінің де, жергілікті биліктің де қаржылай әлеуеті жоқ. Егер, ғайыптан бір демеуші кәсіпорындар шығып қалып жатпаса. Жалпы, болашақта ауыл шаруашылығы саласын дамытамыз, ауыл халқының азық-түлік, оның ішінде көкөніс пен бақша өнімдері және жем-шөп мәселесін түбегейлі шешеміз десек, аудан әкімдігінің бұл ұсынысты ескергені жөн!

2. Көкбұлақ өзенінің суы жиналып, көктем, күз және қыс уақытында құрылғыдағы судың көлемі 1600 текше метрге дейін жетеді екен. Ал, жаз айларында құрылғыдағы судың көлемі 700-900 литрді құрайтын көрінеді. Сондай-ақ, көктем мен күзде «Біресек» магистральды каналына 600-700 литр, ал, жаздың шілдесінде 300 литрден асар-аспас су құйылады екен. Тағы да құрылғыдан шыққан судың жартысы көктем-күз уақытында

дың жайын саралап шыққанымыз бар еді ғой. Сол сапарымыздың алғашқы күні әлгі, Көкбұлақтың суы жиналатын құрылғының басында болдық. Құрылғы мейлінше ашық тұрған еді және онан шығып каналға құйылып жатқан судың көлемі жоғарыда айтқанымдай 300 литрден аса жығылатын. Сондай-ақ, сол жоғарыда мен сөз еткен құрылғының Қарабұлақ ауылына кететін шлюзі толықтай жабық болатын. Дегенмен, бұл құрылғының да әлсіз тұсы, астынан сызаттап су шығып жатты. Жұмысшы топтың мүшелерінің бәрі тастаққа жайылған суды өлшейтін арнайы құрылғы болмағандықтан, бірауыздан, көзжобамен көлемі 150-200 литрді құрайды деген тұжырымға келдік. Алайда, әуелі су жолы тастақты болғандықтан, кейін, күннің ыстығынан Қарабұлақ ауылына барғанша бұл су жерге сіңіп, тұрғындардың үй іргелік жерлеріне бар-болғаны 40-50 литр ғана су жетіп баратынына куә болдық. Мұны, сол Қарабұлақ ауылының тұрғыны, Парасаттың мүшесі Жүзбаев Дәулетқали ағамыз да растады. Егер, шілденің күнінде 200 ге жуық литр су құрылғыдан сызаттап шығып, оның 150-160 литрі тастаққа сіңіп жататын болса, көктем-күзде қанша литр судың құмға сіңгендей, тастаққа сіңіп ысырап боп жататынын өзіңіз болжай беріңіз енді.

Міне, біздің, жұмысшы топтың келесі ұсынысымыз: «Құрылғыдан Қарабұлақ ауылына дейінгі 400 метрді құрайтын жердің құрылғыдан шығатын жерінен бастап цемент арық төсесе немесе полиэтилен труба тартар болса шілденің шіліңгір ыстығында ғана 150-160 литр суды үнемдейді екенбіз. Әрине, ол үшін әуелі бас жағына бөгет жасап, бөгеттен шыққан суды а цемент арықпен а полиэтилен трубамен екіге айырып, Қарабұлаққа және оң жақ қапталын алып жатқан бірнеше шаруа қожалыққа су алып барып беруге болатынына көз жеткіздік. Сонда, осы шілденің шіліңгірінде 200 литрден кемімейтін су арқылы «Біресек» магистральды су каналының жүктемесін сәл азайтқан болар едік!

3. «Біресек» магистральды каналын жағалай жүріп отырып, тағы бір көзіміз жеткен ақиқат, ұзындығы 32,7 километрді құрайтын цемент арықтардың ауысқанына аса көп болмаса да, әбден тозығы жеткені мәге ұрып тұрды. Біріншіден, цемент арықтардың жалғасқан жерлерінен сызаттап су қашуда және осы себепті әжептәуір су ысырап боп далада, тастаққа сіңіп жатыр. Мұны, жұмысшы топтың құрамында барған «ҚазСушар» мекемесінің басшысы мен мамандары да көздерімен көріп, мойындады. Келесі көктемде әрбір цемент арықтың жалғасқан жерін арматурамен тоқып, цементтеп бекітуге уәде берді.

4. «Біресек» магистральды каналының жоғарғы жағынан иелігіндегі егістік жерлеріне «ҚазСушар» мекемесімен келісіп су алып отырған шаруақожалықтардың жерлерін беруде де тиісті мекемелер үлкен кемшіліктерге бой алдырғаны анықталды сапар барысында. Біріншіден, бұл «Жамандала» жері ықпалы заманнан бері жайылымдық жер есептеліп келген аймақ. Бұл жерлерде арақидік егістік егілген деп қайсыбір жерлестеріміз тіренсе де, арнайы жер мамандары бұл аймақтың топырағының балл бонитеті (құнарлылығы) өте төмен деп шешім шығарғанын дәлелдейтін құжаттар бар. Оның үстіне, бұл жерлер тастақты болып келеді. Соны біле тұра, жергілікті биліктің бұл аймақтан жеміс баулары мен көкөніс және бақша өнімдерін егуге жер беріп, онымен де қоймай, жайылымдық жерлердің мақсатын өзгертіп, егістік жер деп бергендері еш ақылға қонбайды. Кейде, әдейілеп, қастандықпен істеген бе деген де ойға қаласың? Әйтпесе, балл бонитеті өте төмен, тастақтылығы аса жоғары бұл аймақтан егістікке деп жер

шөп жинауда. Енді, өзіңіз қайсысы тиімді екенін бағамдай беріңіз. Мұнымен жұмысшы топтың құрамында болған жергілікті әкімдік пен тиісті бөлім басшылары да, су мамандары мен шаруалар да келісуге мәжбүр болып отыр. Екіншіден, Қарасуан мен Жаманай даласының жерлері сонау Кеңес заманынан бері ресми құжаттармен егістік жерлер деп есептеліп, бұл аймаққа мал азығы үшін жүгері мен жоңышқа, арпа мен бидай, ауыл тұрғындары үшін де көкөніс пен бақша өнімдері егіліп келген. Бұған бала күнімізде өзіміз де талай куә болғанбыз. Мәселен, Кеңес заманында, одан бері тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында кеңшарлар мен ұжымшарлар күз айларында «Алтын Күз» жәрмеңкесін өткізіп жататын. Ол кездегі жәрмеңкелер қазіргі жәрмеңкелерге ұқсамайтын. Кәдімгідей, шаруалар үшін мейрам, ал, ауыл тұрғындары үшін бір берекелі маусым болатын. Кеңшар дәнді – дақылдарды орып алған соң, егіс даласында қалған собықтарды ауыл тұрғындары атпен, есекпен және арбамен барып жинап

летін Қарасуан мен Жаманай даласынан жер беруді оңтайландыру керек. Кешегі, 1 қыркүйектегі Президент Жолдауына ымып, бұл аймақтардағы игерілмей жатқан жерлерді мемлекетке қайтарып, әлгі «Жамандала» жеріне пайдаға бата қаламыз деп барып, шығынға батып отырған шаруаларға беруді жылдамдату әрі жеңілдету қажет. Біліңіздер, уақыт зымырап бір орнында тұрмайды. Біз кешіккен сайын, уақыт біздің зиянмызға жұмыс жасап отыр. Ендеше, тиісті бөлім және мекеме басшылары жоғарыда айтылған кемшіліктерді көріп, алдыңғы әріптестерінің қателерінен сабақ шығаруы, шаруаға да, шаруашылыққа да жайлы шешімдер, қарарлар алулары тиіс!

5. Бір кездері, тағы да сол жергілікті биліктегі шенеуніктеріміз бен кәсіпкерлеріміздің жауапсыздығынан, жоғарыдан келген арнайы жер мамандарының шырылдағанына қарамастан, сол әлгі «Жамандала» жерінің төменгі жағынан, Созаққа шығатын күре жолдың да жоғары жағынан бірнеше кәсіпкерге жеміс бауын егуге жер

тірлік істеймін, отбасымның және ауыл шаруашылығының әлеуетін көтеремін деген жерлестерімізге жоқ деуіміз керек? Судың қоры көбейіп, барша шаруаларға жетіп- артылып жатса алсын, өзінің, елдің игілігіне пайдалансын. Дегенмен, су қоры көбеймей, керісінше, азайып жатар болса, кешіріп қойсын, бұрынғыдай бармақ басты, көз қыстының заманы өтті деп ойлаймын. Ауданда басшылық билік өзгеріп, бұқараның да болашағына деген көзқарасы өзгеріп жатқан өліара шақта енді немқұрайдылыққа орын жоқ деп ойлаймын. Биліктің де бұқараның да қоғам игілігін ойлап, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығартын шағы, осы шақ!

6. Жалпы, осы сапар барысында байқағанымыз, «Біресек» магистральды су каналының суы тап қазіргі таңда шаруаларымызға жеткілікті екен. Жетпей тұрғаны, сол шаруаларымыздың пейілінің көңдігі, сол баяғы «Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын!» дейтін, қазақы дархандылық. Керісінше, «өзге не болса ол болсын, өзім болайын!» дейтін, өзімшіл, да-

шаруашылығын көтеру қажет

берушілерді ауданымыздың ауыл шаруашылығына да, ауыл шаруаларына да жанашыр адамдар деп айта алмайсың. Олай дейтінім, осы каналдың суын пайдаланып отырған бірқанша шаруақожалықтардың мақсатын егістік жер етіп алған, асылында, жайылымдық жерлері каналдан бірнеше шақырым шалғайда жатыр. Бұл дегеніңіз, мәселен 10 гектар жерге «ҚазСушар» келісімшарт бойынша 100

алатын. Оның арасында ауылдың төрт түлік малы бір- екі айға дейін сонда армансыз жайылатын. Міне, тоқшылық, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» деп, соны айтуға болады. Көрдіңіз бе, әлгі заманында жергілікті билікте жүрген өресі тар шенеуніктерге сұрақ та осы жерде туады: «Нақ осы кезеңдерде, ел, шаруашылық басқарған басшылар мен тонналап, центнерлеп астық алған

берілген екен. Тіпті, сол баулардың иелерінің айтуынша, сол тұста аудан басшылығында болған ауданымыздың қайсыбір азаматтары мамандардың бал бонитеті өте төмен дегеніне қарамастан оларға зорлағандай етіп, осы жерлерді беріпті- міс. Тағы да бұл баулардың иелерінің жерді пайдалануға алған қаулыларында жердің мақсаты «Шартты жағдайда. Тамшылатып суару мақсатында берілді деп

рақылыққа ұласып кетуі болып отыр. Әйтпесе, тағы да сол Кеңес заманында Калинин атындағы алып кеңшардың 950 гектарды құрайтын кең байтақ жеріне жеткен судың, әлеуеті әлдеқайда төмен, әуесқой шаруа қожалықтардың, әуірім желеріне жетпеуін басқалай түсіндіру мүмкін емес. Сосын, жалпы: «Тәртіпсіз ел болмас, тәртіпке бағынған құл болмас» деп, батыр Баукең айтпақшы, біз ел болудан қалып бара жатқандаймыз. Олай дейтінім, міне бірнеше жыл болды аудандық «Созақ үні» газетінің тілшісі ретінде ауыл- және мал шаруашылығы сааласына қалам тартып келе жатқаным және жер дауы, су дауы мен жем- шөп дауына араласып келе жатқаным. Шынында, бүкіл еліміздегідей бұл саладан береке, бірлік кеткеніне біраз болған. Береке, тәртіп кетпегенде не, ауыл шаруашылығы саласында кәсібін дөңгелетіп жүрген шаруаларымызға я билік, я бұқара сөзін өткізе алмаса? Бір жағынан табиғат қатал мінез көрсетіп, қыс қысып жатқанда, бір жағынан әлемді шарпыған қаржы дағдарысы, экономикалық күйзеліс қарапайым халықты екі екпеден қысып тұрған шақта нәйеті шөптің бағасын оған дейінгі нарықтағы 200- 300 тегелік бағасынан бірден 1500 теңгеге дейін көтерулерін. Одан қала берсе, өз жұртымызға жетпей жатқан жем- шөпті сыртқа сатуларын қалай түсіндіруге болады? Ал енді, мына су шаруашылығы саласында да сондай берекетсіздік орын алуда. Жалпы, Созақ ауданындағы су қорларына иелік етіп отырған аты дардай «ҚазСушар» РМК- ның ауданымыздағы бөлімінің қызметкерлерінің де жергілікті биліктің де іс-әрекетінен жүйесіздіктен, дәрменсіздіктен басқа ештеңе көре алмадық. Өйткені, біріншіден, қай кездегі әдетімен бір баппен екінші бір бапты байлап-матап қоятын ата заңымыздың кеше бүкілхалықтық референдум арқылы түзетіліп, өзгертіліп отырған тұстары олардың әр екісінің де жүйелі жұмыс істеуіне мұрша бермей келді. Екіншіден, біздің жергілікті билікке де, ауыл және су шаруашылығына жауапты бөлім мен мекеме басшыларына да үлкен бір серпіліс жетпей тұрғандай ма қалай? Дей тұрғанмен, басқа жақты білмеймін біздің ауданымызда жаңа басшының келуімен бір жылымық, Жаңа Қазақстанды құруға деген бір ұмтылыс байқала ма қалай? Сонымен, мәселенің мән-жайын май шаммен қарап, аудан басшысына шешу жолдарын айтып, ұсыныс жасау, жұмысшы топқа серт болатын, сертімізде тұрдық-ау! Ендігі жерде, билік пен бұқараның бірлесуінен құрылған жұмысшы топтың ұсынысына құлақ асып, шешу жолдарын қарау, аудан басшысына серт!



литр су берсе, әрі шалғай әрі биікте жатқан бұл жерлерге тастаққа сіңіп, кәттіп- созылып отырып тек 30- 40, қатты ыстықтарда 15- 20 литрі ғана су әрең жетіп барады. Мұны да «ҚазСушар» мекемесінің басшысы мен мамандары растап отыр. Бұдан бөлек, осы жерге егіс егіп, пайдасын көре алмаған соң, бірқанша шаруақожалықтар өздері 49 жылға жалға алған жерлерін өзге шаруаларға я сатқан, я ақысына келісіп, жалға берген көрінеді. Нәтижесінде, белгілі бір көлемде шығын бар, бірақ, жердің құнарлылығының төмендігі мен су тапшылығынан тиісті деңгейде пайда таба алмай отыр. Тіпті, керісінше шығынға батып отыр десек- те жаңылыспаспыз. Ал енді, осы жоңышқа егіп, бітік шықты дегендерінің өзі гектарына 150- 200 десте (пресс) шөпті әрең алып отыр. Ал, тура сондай көлемде Қарасуан мен Жаманай даласына жоңышқа еккен шаруаларымыз әр гектарынан 450- 500 дана дестеленген

шаруалардың барлығы бірдей тоқырау жылдары екен деп қырылып қалған жоқ қой. Айналайын-ау, солардың тірісін, майда- шүйдесі болмаса да ірісін жинап, елдің, шаруаның жайын ақылдасып, сонан соң барып шешім қабылдауға болатын еді ғой. Сонда ғана, бүгінгідей, шаруаларымызды жерге, суға таластырып қоймай, 50 ші жылдар мен 90 жылдардың аралығындағыдай шарауамыз шылқып отырар едік қой! Иә, жау кеткен соң, қылышыңды боққа серме-деп, өткенге өкінгенмен ештеңе өнбесі анық. Ендігі жерде, сол өткеннің қатесінен сабақ алып, әріқарай ілгерілеудің жолын қарастырып жөн. Міне, сол себепті де алдағы уақыттарда «Жамандала» жерінен, яғни, «Біресек» каналының жоғарғы бойынан жер беруді шұғыл тоқтату керек. Кейін, осы егіс егіп от-басымды асыраймын, ауданымыздың, аулымыздың ауыл шаруашылығына үлес қосамын деген шаруаларымызға шөбі шүйгін, топырағы құнарлы к-

көрсетілген екен. Сондай- ақ, сол үшін үкімет оларға субсидиялап бір емес, бірнеше терең құдықтар да қазып берген көрінеді. Дегенмен, бұл азаматтар ебін тауып, күні бүгінге дейін басыағы 45 гектар жерді құрайтын бауларын әлгі «Біресек» магистральды каналының суымен суарып келген. Жарайды ғой, бұл бұқара халық неге салауат айтпай, нелер күнәларды кешірмей жатыр. Бұған да көз жұма қарар. Алайда, бұл бұдан былай да ауыл тұрғындары үшін азық-түлік қауіпсіздігінің алдын алуға, төрт- түлік малымыздың да қыстық жем- шөбін жинақтауға септігі тиетін шаруаларымыздың осы шырылдағаны шырылдаған деген ұғымына келмеуі тиіс. Әрине, егер де жергілікті билік, аудан басшысы жұмысшы топтың ұсынысын дұрыс көріп, қаржылай көмектің жолын қарастырып, «Біресек» магистральды су каналының суын еселеп жатса, бауға ала ма, бақшаға ала ма кәсіпкер азаматтарымыз ала берсін. Неге біз,

Бизнесті заңсыз тексерулерден және кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау прокуратура органдарының басым міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің талаптарына сәйкес бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді тағайындау туралы акті құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда міндетті

Мобильді қосымша Play Market (Android) және App store (iOS) арқылы жүктеу қолжетімді.

Статистикаға тоқталар болсақ, Түркістан облысы бойынша мемлекеттік органдармен 2022 жылдың 8 айында жалпы 5815, оның 657 жеке кәсіпкерлік субъектісіне (шағын кәсіпкерлікке—210 (оның ішінде микро кәсіпкерлікке—111), орта кәсіпкерлікке – 229, ірі кәсіпкерлікке – 218) қатысты тексерулер

Бизнесті заңсыз тексерудің алдын алу

түрде тіркелу тиіс.

Осы құзіреттің шеңберінде бизнес субъектілерін заңсыз тексерулерден қорғау және болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетімен «Qamqog» мобильді қосымшасы әзірленген. Бұл қосымша бизнесті қорғауға және кәсіпкерлерге қатысты тексерулер туралы ақпаратты алуға бағытталған.

Мобильді қосымшаның көмегімен кәсіпкерлер QR-кодты сканерлеу арқылы тексеруді тағайындау туралы электрондық актінің тіркелгендігі немесе тіркелмегендігі туралы ақпаратты, оның ішінде тексеруге қатысатын тұлғалар, мерзімдері, негіздері, тексеру тақырыбы жайлы тексеру алады.

Бұған қоса, аталған қосымшада прокуратура органдарына онлайн режимде шағым жолдаудың функционалы қарастырылғандығын атап өткен жөн.

жүргізілген.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің Түркістан облысы бойынша басқармасымен 2022 жылдың 8 айында мемлекеттік органдармен бизнес субъектілеріне қатысты заңсыз тағайындалған 20 тексеру анықталып, тіркеуден бас тартылды.

Нәтижесінде, прокурорлық қадағалау актісінің негізінде кінәлі лауазымды тұлғалар тиісті жауапкершілікке тартылып, заңсыз тексерулерді тіркеуден бас тарту арқылы жеке кәсіпкерлік субъектілердің құқықтары қорғалды.

Беркін АЛИЕВ,
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің Түркістан облысы Созақ ауданы бойынша инспекторы.

Қазақстанның ең үлкен байлығы—халық, ал халықтың өмір сүру деңгейінің ұзақтығы, яғни мемлекетіміздің болашағы экологиялық жағдайға байланысты. Табиғаттың тазалығы орман көркейі еліміздің шөлейт аймақтарында да оның орны ерекше. Мыңдаған шақырымға созылып жатқан құмды аумақта жайқалып өсіп тұрған жасыл қалқан табиғатқа сұлу көрініс береді. Ауаны оттегімен қамтамасыз етеді. Құмды аймақтарда өсетін сексеуіл ағаштарының сол жерлердегі табиғаттың жайқалып, тұруына септігін тигізеді. Жерасты тұзының көтерілуіне жол бермейді. Құммен бірге желді, шаңды тоқтатады. Сексеуіл ормандарындағы түрлі шөп қаулап өссе малға жайылым. Шөлейт аймақта өмір сүретін халық сексеуілдің қадір қасиетін біліп отындыққа сындырып алмай, тамызыққа рұқсат беріліп жатырған басқа бұталар мен ағаштарды қолданып жатса сексеуіл ағашының көбейуі жоғарылар еді. Облысымызда Шардара, Арыс, Отырар, Созақ аудандарында өсетін бұл ағаш түрлері қазіргі таңда ерекше қорғалу үстінде. Соның бір бөлігі Созақ ауданындағы, Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі, мекемеге қарасты жалпы 1014898,4 гектар орман қоры жері, оның ішінде сексеуілмен көмкерілген 355961,6 гектар жерін атап өтуге болады. Созақ ауданы үшін сексеуілді орманның орыны ерекше. Осыдан біраз жылдар бұрын экономикалық түрлі қиындықтарға байланысты сексеуілді себу және отырғызу азайған болатын. Кейінгі жылдары облыстық бюджеттен сексеуіл алқаптарын өсіруге қаражат көзі едәуір бөлініп молайту үшін тиісті жұмыстар жасалында. Бұл өз кезегінде орманшылар үшін үлкен жетістік. Республика көлемін жалпы сексеуіл ағаштарын қорғап сақтау үшін біраз іс-шаралар жүзеге асырылуда. Соның бір бөлігі атап айтар болсақ аудан көлемінде орман шаруашылығы қызметкерлері аудандық полиция бөлімінің қызметкерлерімен бірлескен рейдтік іс-шара жо-

Сексеуілді сақтайық!

спарын бекітіп жыл сайын арнайы іс-шаралар жүргізіп жұмыстар жасалында. Аталған іс-шараларды жүргізу үшін мекеде 6-дана патрульдік автотөліктер мен қызметкерлер жұмылдырылып жүйелі жұмыс жасалынып жатыр. Сексеуілді қорғау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 сәуірдегі № 460 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2013 жылғы 9 тамыздағы № 815 Қаулысына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сексеуіл ағаштарының барлық кесік түрлеріне 2018 жылдың 31 желтоқсанына дейін шектеу қойылған. Сонымен қатар 2017 жылғы бірінші шілдеден «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өсімдіктер және жануарлар дүниесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енді. Осы заңның күшімен Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңының 32 бабына 4-4 тармақшасымен толықтырулар енгізіліп, 2017 жылдың 1-шілдесінен бастап Республика аумағында сексеуіл отындарын сауда нүктелерінде сақтауға тиым салынды және ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің 2015 жылғы 13 тамыздағы №211 бұйрығымен сексеуіл ағаштарының барлық түрлерін 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін кесуге тиым салынды. Сексеуілді қорғап сақтауда халықтың да жауапкершілікпен қарауға тиіс, себебі сексеуіл ағаштары құмды аймақтарда жойылған жағдайда құмның көшіп елді мекендерді құм басу қауіпі туындайды. Бұл өз кезегінде экологиялық ақуал тұдыруы мүмкін. Ал сексеуіл ағашын заңсыз кескен азаматтарға Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің

381-1 бабымен жеке және заңды тұлғаларға әкімшілік жолмен айыппұл салынып, көліктері мен басқа да құралдарын тәркілеу жазасы белгіленген. Табиғатқа аса ірі көлемде зиян келтірген болатын болса ҚР Қылмыстық кодексімен қылмыстық іс қозғалады. Бұдан басқа, орман алқабына зиян келтірушілер материалдық жауапкершілікке тартылады. Шөлейт аймақтың шырайын келтіріп отырған сексеуіл ормандарын үлкен —кіші болып бірлесіп қорғайық. Жайқалған сексеуіл ормандары бізге ғана қызмет етіп қоймай келешек ұрпақ үшін өмір сүруі қажет. Сондықтан оның тамырына балта шаппас бұрын ойланайық.

Біз, бәріміз орман туралы ойласақ көз алдымызға — табиғат келеді. Ал, табиғатты ойласақ — орман келері хақ.

Орманның пайдасы орасан зор. Табиғат адамзаттың ежелден бері тіршілік етіп, өмір сүріп келе жатқан ортасы — деп айтсақ еш қателеспейміз. Ал адамзат табиғатпен бірге, біртұтас болып, табиғатта — бұдан былай да мәңгілік мекен ете беретін алтын бесігі.

Қазақстанның ең үлкен байлығы—халық, ал халықтың өмір сүру деңгейінің ұзақтығы, яғни мемлекетіміздің болашағы экологиялық жағдайға байланысты. Айналамыздағы өсімдіктер мен жабайы жануарлар — табиғат байлығы.

Осы орайда, ойымызға халық даналарының бірінің сөзі есімізге келеді.

«Адам табиғатқа тәуелді болса,

Табиғатта оған тәуелді.

Табиғат адамды жаратқан болса,

Адам табиғатты жаңғырта-

ды» дейді халық даналығы.

Ғанижан ПЕНТАЕВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі ММ КММ Орман қорғау инженері.

АСҚА ШАҚЫРУ

Асқар тау, ардақты әкеміз **ҚҰЛТАБАРҰЛЫ АМАНҚҰЛ**, 1910- жылы Созақ ауданы, Еңбек Кеңесіне қарасты, Қызыл Ту ұжымшарында дүниеге келген. 1929-1932-жылдар аралығында, педагогикалық оқуда болған. Өмір жолдарында: ұжымшарда мұғалім, Батбақсу ұжымшарында есепші болған. 1940-жылы Кеңес Армиясы қатарында болып, 1942-жылы Ұлы Отан соғысына қатысқан. Жараланып келген соң, мұғалім, 1943-жылдың 5-қарашасында Еңбек ауыл Кеңесінің төрағасы болып бекітілген. Онан соң, аудандық сақтандыру мекемесінің өкілі жұмыстарын атқарған. 1973-жылы 19-қарашада дүниеден өткен. Ауылы да асыл анамыз Жәнібек қызы Маржанкүл, 1915- жылы, Жылыбұлақ аулында дүниеге келген. Әкеміз Аманқұлмен некелескен соң, ұжымшар шаруаларында еңбек еткен. 1993-жылы, 19- маусым айында дүниеден өткен.



Ардақты әкемізді еске алуға арналған ас—Жартытөбе ауылдық округі, Бабата ауылы, Орталық мешіт хатымхана-сында 15-қазан 2022 жыл, сағат 13-00-де өтеді. Аллаһым, сәтті жол нәсіп етсін!

Сағынышпен еске алушылар: баласы—Сәрсен, келіні— Дәкен, қызы— Ғалияш, немере-шөберелері.

Жарамсыз деп танылсын

Ерман Ақан Тұрарұлының иелігіндегі Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Ү.Тастанов көшесіндегі № 4 тұрғын үйдің (кадастрлық нөмірі: 19-297-074-1599) 2007 жылы 14 ақпанда Созақ аудандық жариялылық комиссиясының шешімімен берілген №28 актісі және де тұрғын үйге тиесілі барлық құжаттарының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Өрт қауіпсіздігін сақтаған жөн

Орман өртінің алдын алу әрбір аудан тұрғындарына маңызды. Жалпы елімізде өрттің қауіпті маусымының басталуына байланысты тау бөктеріне жапсарлас орналасқан ауыл тұрғындары арасында түсіндіру жұмыстары жиі өткізіліп тұрады. Онда ауыл тұрғындарына өрттің зияны мен қауіпсіздігін сақтау туралы; отты тек қана арнайы жерде жағуға, пайдаланғаннан кейін сумен немесе топырақпен сөндіру қажеттігі туралы және т.б. қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізу, сөндірілмеген темекі тұқылын тастауға; кішкентай балаларға күкірт беруге; бөтелке сынықтарын тастауға қатаң тыйым салынатындығы жайлы ескертулердің түсіндірілгенін айтты. Сондай-ақ, өртті болдырмау үшін тыйым салынатын бірқатар іс-әрекеттер де кеңінен айтылып келеді. Тау бөктерінде отырған малшыларымызға осы өрттің зияны мен қауіпсіздігі туралы да қағаз жүзінде ескертулер беріледі.

Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл, қарабарқын сынды табиғат байлықтарын себепсіз отау болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасыр бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі —таза ауа екені баршамамызға белгілі. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өніуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, ағаш шыбықтарын отырғызсақ, келешек ұрпақ алдындағы парызымыздың орындалғаны болар еді.

Қанатжан ШӘРІПҚАНОВ,
Созақ орман шаруашылығы мекемесінің күзетші-қорықшысы.

Орман өртіне абай болайық!

Қазіргі уақытта, әсіресе күздің қабағы салыңқы күндері көптеген жеке азаматтар ұйымдасып тау баурайына сейілге шығып серуен ұйымдастырады. Осы кезде олар от жағып, түрлі ас мәзірлерін әзірлеп жүрген сәттерінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтай бермейді. Соның кесірінен таулы аймақта орман өрттері орын алуы мүмкін. Сіз бен біз өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға өле-өлгенше қарыздармыз. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздеме жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демесе лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт табиғат байлықтарына орасан зиян келтіреді. Бұл болашағымызға жасалған қиянат екенін ескере бермейді. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі —таза ауа екені баршамамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өніуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парыздың орындалғаны болар еді.

Бурабай ТӨРЕБАЕВ,
Созақ орман шаруашылығы мекемесінің күзетші-қорықшысы.



Елеулі із қалдырған азаматтар

Еңбек ардагері Бекішов Әби 1931 жылы Созақ ауданы Сызған ауылында дүниеге келген. 1956 жылы алғаш еңбек жолын Кентау қаласында «Мырғалымсай» кен орнында бұрғылау қондырғысының көмекшісі болып бастап, 1957 жылы «Созақ» совхозындағы «Машина-трактор станциясында» автомеханик болып қызметін жалғастырған. 1962 жылдың 5 шілдесінен бастап «Шу» совхозы құрылғанда гараж меңгерушісі болып жұмысқа шақырылған. «Шу» ауылының құрылуына үлкен үлесін қосып сол ауылға еңбек сіңірген. 1971 жылы Шу ауылынан Шолаққорған ауылына келіп Калинин совхозына қарасты «Мал дайындау» мекемесінде бас инженер болып жұмыс жасаған. 1978 жылы «Сызған» кеңсінде гараж меңгерушісі болып еңбек етті. Сол 1978 жылдан бастап 1991 жылы зейнетті еңбек демалысына шыққанша халыққа қалтқысыз қызмет жасады. Ерен еңбегі бағаланып «Еңбек ардагері» және «Тыл ардагері», аудандық партия комитетінің, аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың, совхоздар дирекциясының алғыс хаттарымен, мерекелік медалдарымен марапатталды. Жан жары, құдай қосқан қосағы Қисықова Тотан екеуі 14 баланы тәрбиелеп, үлгілі ата-ана атанды. Бекішов Әби 2021 жылы қазан айында дүниеден озды. Көзі тірі болғанда өзі құрылуына ат салысқан «Шу» совхозының мерекелік шарасының құрметті қонағы болып отырар еді.

Қисықова Тотан апамыз Созақ ауылында 1940 жылы дүниеге келген. 1962 жылы «Шу» ауылына барып сол жерде 1972 жылға дейін совхоздың орталық қоймасында жұмысшы, күзетші, еңбек қызметі атқарған аяулы жан. 1978 жылы КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының төрағасы Л.И.Брежнев пен Президиум хатшысы М.Георгадзениң қолы қойылған «Батыр Ана» куәлігін иеленіп, алтын медалмен марапатталған. Қисықова Тотан апамыз көкемнен алдын 2000 жылы 22-ші сәуірде дүниеден озды.

Қарындасы Зағипа Тұрсынқызының жақында баспадан шыққан «Өмірдің өзі бір сынақ» атты естелік кітабында Әби көкеміз туралы «Әби, Әдіш,

Жанәділ, Қасым, Шәбден ағаларыма рахмет! Қай уақытта көмек сұрап барсамда Әби, Қасым ағаларым көлігін, жем-шөбін беріп, көмегін аяған емес. Әрине, оған да қиванция аламын ғой. Алайда жылы қабақтарын танытып, жылы шыраймен қарсы алып, шығарып салатын. Қайран патша көңілді ағаларым-ай!» деп еске алған екен. Мен де алғаш еңбек жолымды «Сызған» совхозының гаражында инструментальщик қызметінен бастадым. Сонда Әби көкеміздің ақыл-кеңесін, ғибратты зор әңгімесін тыңдап өстім. Ол кісі өткеннің тарихын, ескі кісілердің өнегелі әңгімелерін көп білетін шежірелі, данағөй кісі еді. Жастайынан жетімдікті, қиындықты, азабы көп өмір жолын бастан кешкен кісі болғандықтан қайыры мен адамгершілігі мол азамат болатын. Азамат атты ұлы қатарым болғандықтан үйінде болып Тотан апамның қолынан талай шәй ішкен едім. Көкем зейнет демалысына шықса да аптасына бір рет болса да өзі қызмет еткен гаражына келіп -кетіп тұратын. Көшеге шықса гаражға соқпай өтпейтін. Шоферлар мен трактористермен техника тілінде сөйлесетін. Содан кейін гаражға келіп кірген көліктің кімдікі, қай жерінде ақауы бар екендігін көліктің дауысынан біліп, көлік иесіне ескертіп жататын. Әби ақсақалдың ұл-қыздарының барлығы жеке-жеке отау құрып бір-бір үй болды. Немере, шөбере, шөпшек көрді. Созақ аудандық мәслихатының бірнеше шақырылымының депутаты болып сайланған ұлы Құрман Әбиұлы ағамыз осы мақаланың жазылуына, басылым бетіне шығуына себепкер болып отыр. Өйткені, әкесі Әби көкеміздің «Шу» совхозының алғаш құрысуға ат салысқан азамат екенін екінің бірі біле бермейді. Мен де білмейтін едім. Міне, артында қалған тұяғы соны кезінде әкесінен естіп, жадна сақтағандығының арқасы. Сөйтіп бізге мәнді де, деректі мәлімет беріп отыр. Ол да болса азаматтықтың, перзенттік борыштылықтың құдіреті болса керек.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Жарқын ізді жақсылар

Шу ауылы СССР Министрлер Советінің 1962 жылығы «Шөл және шөлейт аймақтарды игеру туралы» қаулысына сәйкес тасты кеңсәрының №3 «Ірі қара мал» фермасынан бөлініп шығып, Шу кеңсәры болып құрылған. Бұл аймақта колхоз құрылымы болмаған.

Ірі қара мал фермасындағы бір отар жылқыны Дастанов Әйтиміш, бір отар түйені Таңқыбаев Тәңірберген деген кісі баққан. Фермада біраз майда мал да болған. Оны Мұстафаев Жаңабай, Жандаулетов Мәлік, Ысқақов Кеңесбек, Қуатов Салман, Кенішбеков Елемес, Алдашов Ноғай, Жекенов Керімбай, Жанәбілов Тұрсынбай, Әділов Нағашбек, Қоянбаев Темешбайлар баққан. Сол кезде фермада зоотехник, ферма басқарушысы болған Әділов Тілеубай жаңадан ашылған совхозға жан жақтан ағайын-туыстарын шақырып, оларды көшіріп әкелді. 1962 жылы совхозға директор болып Берістемов Жақсылық деген кісі келді. 1963 жылы көрші Қызылқұм ауданынан біраз майда мал айдалып әкелінеді. Оны Құлжанов Шахан және Қасымов Әсет деген кісілер айдап келеді. Әсетті ауылдағылар Жұман деп атайтын. 1965 жылы өз ауданымыздың Калинин совхозынан және Қазығұрт ауданынан көп жылқы айдап әкелінді. Оны жергілікті ха-

жинап алатын. Жыл өткен сайын жылқыдан қан алу тапсырмасы көбейді. Совхоз бойынша 15-20 тоннадай қан алу тапсырмасын орындау жылқышыларға міндеттелінді. Жылқылар да өз төлі есебінен жыл сайын көбей берді. Жылқылардың көбейгені соншалықты жалпы жылқы саны 8500-ге жетті. Оны аналығы 2900 бас болды. 45 күн мен 90 күннің арасындағы буаз биелерден қан алу жоспары жыл сайын асыра орындалып 15-20 тонна қан алып СЖК препараттарын дайындайтын.

1976 жылы совхозға директор болып Ерімбетов Жұмаділда келді. Ол кісі өте іскер басшы болды. Ферма малшыларын жиі аралап «Малшыларда кемінде 50 бас майда малы болмаған шопан шопан ба?» - деп барлық малшыларға «Мен сендерден биыл, келесі жылы ештеңе сұрамаймын одан да бір-екі жылда мал жинап алыңдар» дейтін. Сол айтқанын істеді. 1979 жылы төл аудан аудан бойынша бірінші орынға «Созақ» совхозың малшылары шықса, «Шу» совхозы әр жүз аналықтан 139 дан төл алып аудан бойынша бірінші орын иеленіп, ауданның ауыспалы Қызыл Туын жеңіп алды. Ол кезде мен комсомол комитетінің хатшысы едім. Ерімбетов Жұмаділданашар шаруашылықты көтерсін деп «Сызған» совхозына директор етіп жіберді де



лық «күнгейден келген жылқылар» деп атайтын. Совхозда майда мал мен бірге жылқы шаруашылығы да дами бастайды. 1972 жылы Шаймерденов Бабажан деген азамат ауданға ауысады да оның орнынан директор болып Жұмашов Совхозбек келді. Совхоз 1973 жылы майда малдан төл алу бойынша ауданда жоғарғы көрсеткішке жетіп, сол жылы малшыларымыз 6-7 жаңа автомашина алды. Сол 1973 жылдың жазында жылқыдан қан алу басталды. Алғашқы кезде 45 күннен 90 күннің арасындағы буаз билерден қан алғанда оларды жеке жеке құрық салып ұстап,

«Шу» совхозына директор болып 1982 жылы Түкібаев Тілеш келді. Ол да совхозда бес жыл директор болып істеді. Одан кейін Тілеубергенов Құдайберген, Таңатов Батырхан, Шойбеков Жарас директор болып совхозды басқарды. Совхоз құрылғалы бері шаруашылықта ерен еңбегімен көзге түскен талай майталмандарымызға шексіз ризашылығымызды білдіріп, айтулы мерекемен шын ниетімен құттықтаймын!

**Бейсенбі ДАСТАНҰЛЫ,
Еңбек ардагері.**

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
**Абилпаттаев Ержан
БАКЫТЖАНОВИЧ**

Бас редактор:
**Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы**
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
**161000, Шолаққорған ауылы,
С.Қожанов көшесі, байланыс
телефондары 4-15-30
(факс), 4-25-19, 4-28-97**

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3800 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев